

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері:
Жақсылықова А.Ә.*

«Менің бақытты балалық шағым»

(Ересектер, «Ер Төстік» тобының мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиешілер: Ходжа-Ахметова.К

Әміреева.А

Таушық 30.05.2025.ж

Мақсаты: Балаларға көңілді, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың шығармашылық қасиеттерін дамыту. «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын-сауықта өлең айтып, би билеу, асфальтқа сурет салу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Сайқымазақ: Сәлеметсіздер ме қонақтар! Сәлем, сәлем, сәлем достар! Көңіл-күйлерің қалай? Мені таныдыңдар ма? Мен сендерге әдемі көңіл күй сыйлауға келген күлдіргіш сайқымазақ боламын. Бүгін «Күншуақ» бақшасында «1 маусым балаларды қорғау күніне» орай мерекелік кеш өтіп жатыр деген соң, менде бірге тойлауға алып-ұшып келіп едім. Бүгінгі мереке құтты болсын! Балаларымыз бақытты болсын! Мен сияқты үнемі күліп-ойнап жүрсін. Неге қол соқпайсыздар? Қане-қане! Керемет! Ал, мерекелік кеште неге ешкім көрінбейді? Кішкентай достарымыз қайда екен? А-а-а?

(осы кезде Сиқыршы келеді)

Сиқыршы: Сәлем достым. Сен кімді іздеп жүрсің?

Сайқымазақ: Бүгін мереке ғой. Сол мерекенің кішкентай достарын іздеймін. А-А. Мүмкін, сен оларды сиқырлап тастаған жоқсың ба?

Сиқыршы: Әрине! Мен сиқырыммен сиқырламасам, сиқыршы болмағаным ба?

Сайқымазақ: Ай-ай-ай! Енді қайттім. Кішкентай достарсыз бұл мерекелік кешті қалай тойлаймыз? Достым, онда кел екеуіміз былай келісейік. Мен сенің бір тілегіңді орындап көрейін, сен сиқырыңды көрсетіп, бүгінгі мерекенің сәні болған кішкентай достарымды сиқырдан босатасың. Келістік пе? Алақай!

(сиқыршы сиқырымен екі әнші қызды сиқырдан босатады)

Сайқымазақ: Сәлем, кішкентай достарым! Мерекелерің құтты болсын! Ендеше, мерекемізді ән шашуымен Алуа мен Айдай қыздарымыз «Күншуақ» әнімен бастайды.

Ән: «Күншуақ»

Сиқыршы: Достым, сен енді маған берген уәдеңді орында. Менде бұл мерекеге қатысқым келеді. Және де ерекше тойлағым келеді.

Сайқымазақ: А-ха-ха! Әрине, олай болса менің кішкентай достарымнан сұрап көрейік. Достарым, Сиқыршының бізбен бірге мереке тойлауға келісесіңдер ме?

Балалар: Ия.

Сайқымазақ: Бүгінгі мерекені ерекше тойлау үшін кімдерді шақырамыз?

Балалар: Ертегі әлеміндегі достарымызды.

Сайқымазақ: Әрине! Олай болса, қарсы алыңыздар!

(осы кезде аудио оқылады, Күлшеқыз ертегісінің әуені жіберіледі)

Автор:

Ерте, ерте, ерте де,

Ертегілер елінде.

Күлше қыз бен оның достары болыпты. Күлшеқыз әдеттегідей өгей анасының тапсырмасын орындап үйдің барлық тірліктерімен айналысады. Үй сыпырады, шаң сүртеді, кішкентай достарын тамақтандырады. Еш шаршағанын білмейді. Үнемі әсем даусымен ән шырқап, көңілін түсірмейді. Бір күні балалар мерекесіне асыға жеткен ертегі кейіпкері Қызыл телпек келеді.

Қызыл телпек: Күлшеқыз, бүгін кішкентай достарымыздың мерекесі емес пе? Сен әлі дайын емессің бе? Жүр бірге барайық. Кішкентай достарымыз бен мерекені бірге өткізейік.

Күлшеқыз: -Жоқ, мен бара алмаймын. Өйткені, менің жасайтын әлі көп шаруам бар. Және де менің мерекелік кешке киетін әдемі көйлегім де жоқ. Мен мына лас киіміммен қалай барамын?

Балалар: Күлшеқыз, мұнайма. Біз саған көмектесеміз.

Қызыл телпек: Жарайды! Күлшеқыз мен сені күтемін. Мерекеге асыққаным сонша, кішкентай достарыма гүл теруім керек. Кездескенше!

Автор: Осылайша Қызыл телпек мерекелік кешке гүл теруге жолға шығады. (Музыка қосылады, Қызыл телпек айналып гүл тере бастайды)

Қызыл телпек: Ой, мұнда ешқандай гүлдер өспеген бе? Гүлзарларда неге гүл өспеген? Әлде бәрі солып, қурап қалған ба? Енді қайттым! Мерекеде балаларға гүл сыйласам деп едім.

Сайқымазақ: Сәлем, Қызылтелпек! Сен неге мұнайып тұрсың?

Қызыл телпек: Мен мерекеге кішкентай достарыма гүл сыйлайын дегенмін. Неге мұнда гүлдер өспеген? Ешқандай гүлдер көрінбейді.

Сайқымазақ: Хи-Хи-Хи! Сен мұнайма! Біздің Сиқыршы досымыз бар емес пе? Ол бізге көмектеседі. Әлде, сен тағы сиқырыңмен сиқырлап тастаған жоқсың ба?

Сиқыршы: Жоқ, әрине! Мен қазір саған көмектесемін.

Ойын: «Гүлдерді орнатайық»

(ортаға әуен қосылып, сиқыршы сиқырын жасап, қоңыздар мен аралар келеді. Сиқыршы себеттен гүл шығарып оларды жерге шашып жібереді. Қоңыздар мен аралар оларды жинап түстеріне қарай сәйкестендіреді. Көңілді әуенмен билеп гүлдерді иіскеп билейді. Қызыл Телпек мәз болады.)

Сиқыршы: Келіңдер балалар, мен сендерге сиқыр жасап, қызыл телпекке гүл сыйлайық.

Сайқымазақ: Алақай!

(Сайқымазақ пен Сиқыршы ойын ойнатып, сиқыр жасап Қызыл телпектің құшағын гүлге толтырады. Қызыл телпек гүлдерді балаларға мерекесімен құттықтап сыйлайды)

Сайқымазақ: Қандай тамаша! Қандай керемет! Жаз мезгілі келіп, жер беті жасыл желекке, әдемі гүлдерге толды.

Сиқыршы: Ал, ендеше мерекеміздің сәні болған «Гүлдерай» тобының биші қыздарының гүлдер биімен қарсы алаңыздар!

Би: «Гүлдер»

Ересектер, «Ер төстік» тобы

Автор: Осылайша Қызыл телпек құшағы гүлге толады. Бірақ, досы Күлшеқыздың жолын тосады. Ал, Күлшеқыз анасының тапсырмаларын орындаймын деп, қатты шаршап ұйқыға кетеді. Ұйықтап жатқанда түс көреді. Түсінде ол әдемі көйлек киіп ханшайым болуды армандайды. Ғажайыптар ертегі әлемінде көбелектермен ән салып жүреді.

Би: «Көбелектер»

Ортаңғы, «Толағай» тобы

Автор: Күлшеқыз ұйқысынан оянады. Барлығы түсі екеніне көз жеткізіп мұңая бастайды. Осы кезде ертегі періштесі келіп оның тілегін орындайды.

Ертегі періште: Сәлем Күлшеқыз! Сен неге мұңайып отырсың?

Күлшеқыз: Менің балалар күніне мерекеге барғым келеді. Ол жерде менің көп достарым күтуде. Ал, мен қалай барамын? Менің әдемі көйлегім жоқ.

Ертегі періште: Мұңайма! Мен саған көмектесемін.

(Періште сиқырлы таяғымен айналып билейді. Күлшеқыз кішкентай достарымен сәнденіп киінеді де, күймеге отырып жолға шығады.)

Автор: Осылайша Ертегі періштесі Күлшеқызды әп сәтте Ханшайымға айналдырады. Оның түсіндегідей әдемі тілегін орындайды. Күлшеқыз мәз

болып, мерекеге баруға жолға шығады. Жолда жазғы жайлаудың үстімен өтеді. Кішкентай достарын көріп қуанады. Олармен бірге ән салып, билейді.

Ән: «Қошақаным»

Ортаңғы «Толағай» тобы.

Барлығы бірге қуанып жүргенде ешкінің айқайлаған дауысы естіледі.

Ешкі: Сәлем менің достарым! Мұнда не боп жатыр? Мен кішкентай лақтарымды іздеп жүрмін. Сендер оларды көрген жоқсындар ма?

Күлшеқыз: Қап, оны қасқыр жеп қойған жоқпа екен?

Ешкі: Енді, қайттім. Лақтарым, шұнақтарым! Аналарың келгенше есікті ешкімге ашпаңдар деп едім. Қасқыр қулығын асырып, жеп қойған болды ғой.- деп ешкі жылайды.

Сайқымазақ: Жылама досым. Біз саған бәріміз бірге лақтарыңды табуға көмектесеміз. Солай емес пе , достар?

Сиқыршы: Таптым, таптым! Мен қазір қасқырды сиқырлап лақтарыңды тауып әкелемін.

(сиқыр жасап, әр жерден лақтар секіріп шығады. Анасымен қауышыады.)

Би: «Жеті лақ»

Ересектер, «Ер Төстік» тобы

Сайқымазақ: Достар, мерекеге ертегілер әлемінен джунгли достарымыз да келіп жеткен екен. Қане, бәріміз бірге қарсы алайық.

Би: «Чунга-чанга»

Ересектер, «Ер Төстік» тобы

Қызыл телпек: Күлшеқыз саған мереке ұнап жатыр ма?

Күлшеқыз: Ия, сен келіп мені мерекеге шақырмағанда, ертегі періштесі келіп мені бұл жерге әкелмегенде мен бұл жерге келе алмайтын едім. Иен қатты қуаныштымын. Рахмет саған.

(осы сәтте адасып кеткен ертегі кейіпкері Тәттібек келеді)

Тәттібек: Ой, мен қайда келдім? Ертегі кейіпкерлерінен тәттілерімді жасырып қоямын деп адасып қалдым ғой.

Күлше қыз: Тәттібек қош келдің!

Қызыл телпек: Тәттібек сен білмеуші ме едің? Бүгін балаларды қорғау мерекесі ғой. Біз ертегі әлемінен келген кішкентай достарымызбен бірге мерекені тойлап жатырмыз.

Тәттібек: Солай ма? Достар мерекелеріңіз құтты болсын!

Қызыл телпек: Тәттібек сен тәттілеріңді біздің кішкентай достарымызбен бөліссең қалай қарайсың?

Күлше қыз: Ия, біздің балалар тәттілерді қатты жақсы көреді.

Тәттібек: Әрине, мен тәттілерді балаларға бөлісу үшін алдымен тіттілерді тасу ойынын ала келдім. Кім жүйрік, кім шапшаң, кім жылдам екенін көрейік. Келіңдер балалар, екі топқа бөлініп, менімен бірге ойнайық.

Ойын: «Тәтті тасу»

Ортаңғы «Толағай» тобы

Сиқыршы : Кішкентай менің достарым, келіңдер ортаға. Бүгін мереке! Бүгін қуаныш! Бүгін той! Баршаңызды мерекемен құттықтап ортада көңіл көтерейік.

Би: Флешмоб»

Сайқымазақ: Балалар, мерелеріңіз тағы да құтты болсын! Біздің сендерге бүгінгі мерекеге арналған сыйлықтарымыз бар. Соны қабыл алыңыздар!

Сиқыршы мен Сайқымазақ: Осымен бүгінгі ертегі кейіпкелерінің желісімен өткізілген мерекелік шарамызды аяқтаймыз!

Сыйлықтар үлестіру.